ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 сәуір №2301-24-00-2/930 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Берекет Құралбайұлы Шынжырбаев,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Берекет Құралбайұлы Шынжырбаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Берекет Құралбайұлы Шынжырбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Берекет Құралбайұлы Шынжырбаевтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ~~ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.~~ Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 26.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.06.2024, судья Султангалиева А. Е., 03.06.2024
2301-24-3-1/995

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 26.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.06.2024, судья Султангалиева А. Е., 03.06.2024